

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 26 қаңтардағы № 25 "Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 265 қаулысы. Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 2 ақпанда N 2310 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы N 288 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.10.04 N 288 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын орындау мақсатында, III шақырылған облыстық мәслихаттың IX сессиясының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 162-III " 2005 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне сәйкес облыс әкімияты

ҚАУЛЫ

ЕТЕДІ:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 26 қаңтардағы № 25 "Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі туралы" қаулысына (әділет департаментінде 2004 жылғы 27 ақпанда № 1861 тіркелген, 2004 жылғы 15 наурызында № 31 "Прикаспийская коммуна" газетінде жарияланған, Атырау облысы әділет департаментінде 2004 жылғы 29 қазанда № 2194 тіркелген облыс әкімиятының 2004 жылғы 6 қазандағы № 192 қаулысымен өзгерістер енгізілген) келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармағындағы "Атырау облыстық қаржы басқармасы" сөздері "Атырау қаласы және аудандар әкімдері" сөздерімен ауыстырылсын; көрсетілген қаулыға қосымша да:

4-тармақтағы "Уәкілетті орган" сөздері "Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Байғожинге жүктелсін.

Облыс әкімі

